

Білекті бірді жығады - білімді мыңды жығады

БІЛІМ КІЛТІ - КЛЮЧ ЗНАНИЙ

Республика
күні

25

қазан





БІЛІМ КІПТІ - КЛЮЧ ЗНАНИЙ

№ 10 (208), 2025
Қазан
Октябрь

2011 жылдан бастап ай сайын шығады — С 2011 года выходит ежемесячно

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап
қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.
Журнал издается с января-февраля 2006
года на казахском и русском языках

**(Республикалық ғылыми-әдістемелік
педагогикалық журнал
Республиканский научно-методический
педагогический журнал)**

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Ш. Джанзакова, Б. Карисбайұлы

Оқушылардың ұлттық құндылықтарын қалыптастыруда мектеп пен отбасының
біріккен тәрбие жұмыстарының жүйесі 3

Ш. Джанзакова, Ж. Серікбай, Ж. Есенбай

Қазақ фольклоры арқылы даярлық топ балаларының эстетикалық талғамын
қалыптастыру 7

Қ. Молдасан, Б. Әрінова

Тұлғаны адамгершілікке тәрбиелеудің мәні 11

Э. Жаныбекова

Оқушыларды тарих сабағындағы зерттеу және жобалық жұмыс әдістері
арқылы зерттеушіге айналдыру 15

С. Жайлаубаева

Критериалды бағалауды қолдану арқылы оқушылардың функционалдық
сауаттылығын қалыптастыру 16

Г. Айгаринова, Қ. Айсахан, А. Алғазы, Ф. Ауғамбай, Н. Темірхан

Жерге орналастыру мамандығының маңызы 19

Г. Бурамбаева

Педагогикалық идеяның заманауи білім берудегі рөлі 22

Г. Нареге

Оқушылардың шығармашылық қабілетін логикалық тапсырмалар арқылы
дамыту 24

А. Боданова

Балаларды көркемдік-эстетикалық тұрғыдан тәрбиелеуде театрландырылған
ойындардың рөлі 27

Д. Ибраимова, А. Сыдыкова

Методические рекомендации по написанию эссе 32

Г. Оспан

Вовлечение учащихся в групповую работу на уроках русского языка и
литературы 35

Т. Үмбетбай

Cinemas in London 39

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

**БІЛІМ КІПТІ -
КЛЮЧ ЗНАНИЙ**
журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс
және ақпарат министрлігінде
қайта тіркеліп, №10965-Ж
куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды
22.10.2025 ж.
Сандық басылым.
Тапсырысы: 322.
Басылым индексі: 75488

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел:
8 777 303 37 67.
Эл. пошта:
pedagog-ltd@mail.ru

Журнал «Rado Print»
баспаханасында басылды.
Алматы қ., Мыңбаев көш., 46,
кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

Н. Омашев — ҚР Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

С. Аманжолов — педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, А.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің педагогика факультетінің деканы.

Ә. Дүйсебек — Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясының вице-президенті.

А. Миразова — ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек ері.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде сақтаңыз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс арқылы, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Учредитель:

ООО «Педагог LTD»

Главный редактор: Г. КУСТАНОВА
Журнал перерегистрирован в Министерстве
связи и информации РК. Свидетельство
№10965-Ж от 20.05.2010 г. Астана.

Подписано в печать 22.10.2025 г.

Печать цифровая.

Заказ 322.

Подписной индекс: 75488

Адрес редакции:

050036, г. Алматы,

Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;

Моб.т.: 8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал напечатан в типографии

«Rado Print».


Адрес: г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.





Оқушылардың ұлттық құндылықтарын қалыптастыруда мектеп пен отбасының біріккен тәрбие жұмыстарының жүйесі

Аңдатпа

Мақалада мектеп пен отбасының біріккен тәрбие жұмыстары арқылы оқушылардың ұлттық құндылықтарын қалыптастыру мәселелері қарастырылған. Ұлттық құндылық ұғымы және оны қалыптастыру құралдары, тәрбие жұмыстар жүйесі зерттеледі.

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы формирования национальных ценностей учащихся посредством совместной воспитательной работы школы и семьи. Изучаются понятие национальных ценностей и средства их формирования, система воспитательной работы.

Abstract

The article examines the issues of forming national values of students through joint educational work of the school and the family. The concept of national values and the means of its formation, the system of educational work are studied.

Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Мұстафа Шоқай: «Ұлттық құндылықтардан жүрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халықтың мүддесі мен мұқтажын жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды», - деген болса, М. Жұмабаев «Педагогика» еңбегінде: «Әрбір тәрбиеші баланы ұлт дәстүрімен тәрбиелеуге міндетті», - деді. Сол себепті де, жасөспірімдердің ұлттық құндылықтарын қалыптастыру жаһандану мен мәдени интеграция жағдайында маңызды міндет болып отыр. Ал сабақтан тыс жұмыстар оқу процесінің ажырамас бөлігі ретінде оқушылардың жеке басын тәрбиелеуде және дамытуда шешуші рөл атқарып, ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың тиімді жолы бола алады.

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылдың 19 қыркүйегіндегі №294 бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» ұлттық құндылықтар негізінде өске-

лең ұрпақты тәрбиелеу сапасын арттыруға бағытталған [1].

Қазіргі жаһандану заманында ұлттық санамызды сақтау мен ұлттық кодымызды жоғалтпау мақсатында оқушылардың бойына ұлттық құндылықтарды дарыту өзекті мәселеге айналып отыр.

Ұлттық құндылықтар — әрбір ұлттың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мұра болып жеткен халықтың қазынасы, ұлттық тілі, ділі, салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнерінен тұратын ұлттың рухани байлығы.

Қазақ халқының ғасырлар тұңғығынан бері тарихымен біте қайнасып жатқан жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастыру тәжірибелері бізге рухани мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын құрайтын әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, әдебиет, музыка, фольклор мазмұны арқылы жетіп отырды. Оған



қоса, ұрпақ тәрбиесіне байланысты ұлттық тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерді Қорқыт ата, әл-Фараби, Қ.А. Яссауи, М.Х. Дулати, Ж. Баласағұн, М. Қашқари және т.б. көптеген ақын-жырауларының мұраларынан көреміз.

Кейіннен ұлттық ерекшелігімізді жоғалтпау үшін барын салған Ә. Бөкейханов, М. Дулатұлы, І. Жансүгіров, М. Жұмабаев, Б. Майлин, Ж. Ақбаев, Ә. Ермаков, Х. Досмұхамедов, Ж. Досмұхамедов және т.с.с. біршама алаш арыстарының да басты ұраны «ұрпаққа ұлттық құндылықтарды ұсақтамай жеткізу» болды.

Бүгінгі күні ұлттық құндылықтар мәселесі философия, педагогика, этнопедагогика, психология, әлеуметтану, мәдениеттану, дінтану және т.с.с. әлеуметтік ғылымдар аясында зерттеледі. Ұлттық құндылықтарды қазақ халқының әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі аясында зерттеген Е. Джелбулдин, А. Сейдімбек, Н. Шаханова, Е. Турсынов, И.Е. Ерғали және т.с.с. ғалымдардың еңбектерін атап өткіміз келеді.

Педагогика және этнопедагогика ғылымында жас ұрпақты ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мәселелерін С. Ғаббасов [2], Б.И. Иманбекова, С. Пірәлиев, С. Әбішқызы, Р.А. Джанабаева, С.А. Ұзақбаева, К. Сарчаева, М.Ж. Құрманбаева, К.Н. Меңлібаева, Ш. Майғанова, С.Т. Иманбаева сынды ғалымдар зерттеген.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының профессорлық оқытушылар құрамында да оқушылардың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мәселелерін зерттеген ғалымдар жетерлік. Олардың қатарына Ш.Т. Таубаева, А.Қ. Құсайынов, Н.С. Әлқожаева, К.Ж. Қожахметова,

Б.А. Әрінова, Қ.Ш. Молдасан [3] сынды оқытушылардың жемісті еңбектерін атап өте аламыз.

Белгілі ғалым А.Қ. Құсайынов білім беру саласында ұрпақ тәрбиесінің дағдарысқа ұшырауының себебінен жастар арасында ұлттық рух төмендеп, зорлық-зомбылық өршіп, ұлт алдындағы перзенттік парыз ұғымдарының құнсызданып бара жатқандығын айтады. Сондай-ақ ғалым, ұлттық тәрбие қағидаларын әлемдік озық тәрбие тәжірибелерімен ұштастыра отырып, бәсекеге қабілетті саналы ұрпақ тәрбиелеу жұмысын жетілдіру мақсатында, 2021 жылы Педагогикалық Ғылымдар Академиясы, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қаласы Білім басқармасымен бірлесе отырып «Мектептерде саналы ұрпақ тәрбиелеуді ғылыми-практикалық тұрғыдан іске асыру жолдары» жобасын әзірледі [4].

Х.С. Вильданов ұлттық құндылықтарды белгілі бір этностың өзін-өзі сәйкестендіруі (идентификация) ретінде қарастыра отырып, оның негізгі үш маңыздылығын анықтайды:

1) ұлттық құндылықтар мен құндылық бағдарларының *саналық және сандық негізділігі* мен олардың тұрақтылығы;

2) ұлттық құндылықтардың өзара әрекеттесуінің *функционалдылығы*, яғни ұлтың өкілі ретінде жеке адамның өмірі үшін ұлттық құндылықтардың маңызы;

3) өзін-өзі сәйкестендіру үдерісінде тұлғаның ұлттық құндылықтарды маңызы бар құбылыстар ретінде *тануының объективті мүмкіндігі*, ол арқылы тіршілік формалары жеке тұлға үшін қажетті бағытта бекітіледі [5].

Бүгінгі күнге дейін әр түрлі жастағы (мектепке дейінгі, бастауыш, орта сынып, жоғары сынып) білім алушылардың ұлттық құндылықтарын қалыптастыру



мақсатында өте көп зерттеу жұмыстары жүргізілгенімен, олардың мақсатқа жетудегі құралдары әр түрлі болды. Ғылыми педагогикалық еңбектерге талдау жасай отырып, оқушылардың ұлттық құндылықтарын қалыптастыру мәселесі жеткілікті деңгейде зерттелмегендігі байқалды.

Өскелең ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды дарытуға тек педагогикалық ұжым ғана емес, ата-аналар да белсенді түрде атсалысып жатыр. Оған дәлел ретінде, 2020 жылдан бері Республикалық ата-аналар қоғамдық кеңесінің қызметін әдістемелік қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылып отырған «Отбасы-мектеп», «Мектеп өмірінен бір күн» ұзақ мерзімді жобаларын айта аламыз. Сонымен қатар, еліміздің білім беру мекемелерінің (ондағы ата-аналардың) бастамасымен жүзеге асырылып отырған «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі», «Ата-ана мектебі» жобаларының да мақсаты ұрпақтар сабақтастығын сақтай отырып, салт-дәстүр, туған тіл мен діл, ел тарихы негізінде оқушыларға ұлттық құндылықтарды дәріптеу екені белгілі.

В. Сухомлинский: «Егер баланы тәрбиелеген дәрежеге жеткізудің сәті түссе, адамгершілік тәрбие жеке адамды жетілдіруге тиімді ықпал жасайды, - дей отырып, — Егер біз балаға қуаныш пен бақыт бере алсақ, ол бала дәл сондай бола алады», - деген болатын.

Рухани дүниесі бай, қажеттіліктері мен қызығушылықтары, талғамы, ой-өрісі кең адамдарды толық қалыптасқан, мінезі тұрақты адам дейміз. Мінездің тұрақтылығы адамның рухани-адамгершілік түсініктерінен туындайды. Түйіндей келе, адамгершілік тәрбиесі — бұл адамның туғаннан басталатын және өмір бойы жалғасатын, адамдардың мінез-құ-

лық нормаларын игеруіне бағытталған үздіксіз үрдіс. Оның мазмұны оқушының жеке тұлғалық қасиеттерінің қалыптасу шеңберінде дамиды. Оқу тәрбие жұмысын ұйымдастыруда оқушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктері. Әлемнің тұтастығын, адамның, қоғамның және табиғаттың бірлігі және өзара тәуелділігі; адамның, оның өмірінің және абыройы мен қадір-қасиетін, құқықтары мен бостандықтарының құндылықтарын, жалпы адамзаттық құндылықтарға жақындығын көрсетуді; қоғамдағы өзінің орны және неге арналғандығын, өзін-өзі мейлінше толық шығармашылық жүзеге асыру қажеттілігі; өмірдегі адами қарым-қатынастар құндылығын (отбасы, махаббат, достық) терең үйретіп, олардың танымдық белсенділігін, адамгершілік сапаларын дамытуға негіз болады. Ізгілік отбасынан бастау алады, оған ата-ананың берген тәрбиесі, тұрмысы ықпал етеді. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсін» деген халықтық мақал адамгершілік тәрбиенің негізгі отбасында қалыптасатынын көрсетуде. Халық, жанұя құндылықтарын ауызша халық шығармашылығы арқылы тапсырады, мысалы, аңыз ертегілерді, ырымдарды, салттарды қолданады, дін арқылы, әртүрлі қоғамдық ұйымдар арқылы. Халық ауыз әдебиеті адамгершілік эстетикалық тәрбие беруде баланың ой-өрісін дамытады. Олардың тіл байлығы және шексіз шешендік мүмкіндіктерін арттырады.

Отбасының тәрбиелік өмір салты, оның барлық құрылымдық элементтері бір-бірімен тығыз байланысты. Өйткені олардың мақсат-міндеттері ортақ іс-әрекеттерінің жалпы тәсілдері, әдістері және бағыттылығы бар. Отбасындағы тәрбиенің субъектілері — ата-ана мен бала, әлеуметтік мақсат, міндет, педагогика-



лық тәсілдер, әдістер. Осы элементтерді біріктіретін негіз — іс-әрекет.

Ұйымдастырылған мақсатты жүзеге асыруда іс-әрекет болмаса, тәрбие де болмайды. Отбасындағы тәрбиенің маңыздылығы ата-ананың басшылығымен, бақылауымен әртүрлі іс-әрекетке (оқу, еңбек, ойын, эстетикалық, т.б.) балаларды араластырудан көрініс табады. Баланың отбасында орындайтын тапсырмалары, оларды орындауға қатынасы, деңгейі педагогикалық процестің бірлігі ретінде қарастырылады.

Бұл деңгей арқылы:

- ата-ананың ұйымдастыру және бағыттаушы рөлін;
- ата-ана мен бала арасындағы өзара қатынастың сипатын;
- бала тәрбиесіне әсер ететін отбасының мақсатты адамгершілік бағыттарын;
- баланың отбасындағы араласатын іс-әрекетінің алуан түрлілігін;
- ата-ананың тәрбие құралдарын, әдістерін, тәсілдерін пайдалана алу қабілеттерін;
- баланың белсенділігінің дәрежесін көруге болады.

Ата-ананың тәрбие жұмысының сапасы оқушының күн тәртібін ұйымдастыруынан байқалады. Онда отбасы тәрбиесінің маңызды ерекшеліктері көрініс табады, отбасының әдет-ғұрыптарының бір бөлігіне айналады. Күн тәртібі баланың уақыт аралығындағы іс-әрекетінен тұрады: дене және еңбек қызметі, ой белсенділігі, бос уақыт, дер кезінде тамақтану, гигиена, ұйқы.

Олардың ара қатынасы баланың жасына, оның жеке тұлғасының психикалық ерекшелігіне және тілек-қалауына байланысты өзгеріп отырады. Баланың бос уақыты оның күн тәртібінің құрамды бөлігі. Оқушының бос уақытын пайдала-

нуы, оның іс-әрекетінің түрлері — отбасының тәрбие мүмкіндіктерінің айқын көрсеткіші.

Отбасын мектеп жұмысына тартудың нәтижелі формасының бірі «кіші педагогикалық кеңестер», педагогтердің ата-аналардың белсенді мүшелерімен бірігіп, нақты бір сыныптың оқыту-тәрбие процесінің әртүрлі мәселелері бойынша ерекше кеңестер өткізуі дер едік.

Осылайша, мектеп пен отбасының сынып жетекшісі арқылы реттелетін педагогикалық процестерінің ара қатынасы мұғалім қызметінің диагностикасы негізінде қойылған міндеттерімен анықталады. Сынып жетекшісі қалыптастырған мақсат пен міндеттер оның оқушылармен, олардың отбасыларымен әрі қарай жұмысының бағыттарын да анықтайды. Ата-анамен жұмыс түрлері мен әдістері олардың педагогикалық мәдениетін арттыруға, мектеп пен отбасының өзара ынтымақтастығын нығайтуға, олардың тәрбиелік әлеуетін күшейтуге бағытталады. Сондықтан тәрбие мәселесінде мектеп пен отбасы арасындағы қарым-қатынастың маңызы зор.

Әдебиеттер тізімі:

1 ҚР Оқу-ағарту министрлігі. ЖОО-нан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» бекіту туралы бұйрық. 2023 ж. [Электронды ресурс] - URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/documents/details/539827?lang=kk>

2 С. Ғаббасов. Ұлт тағдыры — ұрпақ тәрбиесінде. — Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ: «Ұлағат» баспасы, 2014. — 240 бет.

3 Қ.Ш. Молдасан, Ж.М. Бектурганова. Педагогика: Хрестоматия: оқу құралы. I бөлім. — Алматы: Абай атындағы Қаз-



ҰПУ: «Ұлағат» баспасы, 2015. — 376 бет.

4 Құсайынов А.Қ. Ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар негізі // «Білім» ғылыми-педагогикалық журналы. — Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. — №2. — 2023. — Б. 131-141.

5 Вильданов Х.С. Национальные ценности в структуре этнокультурной и национальной самоидентификации индивида // Фундаментальные исследования. 2014. № 9 (1). — С. 214-218.

Шолпан Исағалиқызы ДЖАНЗАКОВА,
п.ғ.д., Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры, ғылыми жетекші.

Бейбарыс КАРИСБАЙҰЛЫ,
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің педагогика және психология мамандығының 2-курс магистранты.
Атырау қаласы.



Қазақ фольклоры арқылы баярлық топ балаларының эстетикалық талғамын қалыптастыру

Аңдатпа

Мақалада қазақ фольклоры қалыптасу кезеңдері мен оның мектепке дейінгі білім алушылардың эстетикалық талғамына әсер етуі мен оны қалыптастыру мәселелері қарастырылған. Қазақ халқының фольклорына жататын мұралар мен жәдігерлер арқылы баярлық топ балаларының эстетикалық талғамын қалыптастыру құралдары баяндалған.

Аннотация

В статье рассматриваются этапы становления казахского фольклора, его влияние на эстетический вкус дошкольников и проблемы его формирования. Описываются средства формирования эстетического вкуса детей подготовительной группы через наследие и артефакты, относящиеся к фольклору казахского народа.

Abstract

The article examines the stages of the formation of Kazakh folklore and its impact on the aesthetic taste of preschoolers and the issues of its formation. The means of forming the aesthetic taste of children of the preparatory group through the heritage and artifacts belonging to the folklore of the Kazakh people are described.

Қазіргі жасанды зерденің қарыштап дамып, әлеуметтік желілердің күнделікті өмірде байланыс құралы ретінде пайдаланып отырған заманда мектепке дейінгі баярлық топ балаларының бойында эстетикалық талғам қалыптастыру мәселесі өзекті болып отырғаны аян. Өскелең ұрпақты жаңа қоғам мүддесіне лайық-

ты жан-жақты дамыған парасатты адам ретінде қалыптастыру, оның бойында ұлттық психология, ұлттық сананы орнықтыру, әлеуметтік ортадағы, салт-дәстүрдегі сұлулықты, жақсы мен жаманды ажырата білуге тәрбиелеу аса қажет. Олай болса, ата-бабаларымыздың салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрпын, әдеби, мәдени бай қа-



зынасын баланың зердесіне орнықтырып, парасатты, эстетикалық талғамы жоғары азамат етіп тәрбиелеп өсіру — баршаның міндеті.

Ал эстетиканың ғылым ретінде жеке философиялық пәнге айналу кезеңі XVIII ғасырдан басталғаны белгілі. Яғни эстетикалық тәрбие — қоғамдық дамудың әр кезеңдерін бастан өткізіп келе жатқан тарихи құбылыс. Ал фольклор — тарихи оқиғалар ізімен қиялдау, образдау тәсілі арқылы жасалған көркем сөз байлығының басты бір саласы. Қазақ халқының мәдени және рухани байлығын игеруде фольклор жанрларының орны ерекше. Өйткені, фольклор — жас ұрпаққа дәстүрлі дүниетанымды түсінуге мүмкіндік беретін халық даналығының қайнар көзі.

Негізінде ғылымда халық ауыз әдебиет туындыларын «фольклор», ал оны зерттейтін ғылымды фольклористика деп атайды. Жалпы фольклор ұғымын басында халықтың рухани, кейде материалдық мәдениеті деп түсінгенімен, уақыт өте келе оның ауқымы кеңейіп, ел арасындағы аңыздар, ертегілер, өлең жырлар жатқызылды. Егер фольклористика ғылымының тарихи қалыптасуына көз жіберетін болсақ, онда оның дамуы мен өсу жолы шартты түрде 3 кезеңге бөлінеді. Бірінші кезең — 1920-30 жылдар аралығы. Екінші кезең — екінші дүниежүзілік соғыс жылдары. Үшінші кезең — екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдар. Қазақ фольклористикасы 20-жылдары айырықша бой көрсетті. Әрине, бұл кезеңде Х. Досмұхамедов, М. Әуезовтың қатысуымен қазақтың батырлар жырлары, басқа да фольклор туындылары жарық көрді. Ал 1930 жылдары қазақтың эпостық жырлары жарық көре бастады. «Батырлар жыры», М. Әуезов жазған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының жаңа нұсқасы, айтыстың бірін-

ші кітабы (С. Мұқановтың сөз басымен) басылды. «Қазақ ертегілері» мен «Алпамыс», «Қамбар», «Қобыланды» сияқты озық үлгілері орыс тіліне аударылып осы кезеңде жарық көрді. 1940 жылдан бастап, фольклористика саласындағы арнаулы зерттеулер өсе түсті. Қ. Жұмалиев пен М. Ғабдуллин ауыз әдебиетіне байланысты оқу құралдарын жазса, Ә. Марғұлан қазақ эпосының түп-тегіне қатысты көптеген этнографиялық мақалалар жариялады. Ал сол 1945 жылы Ұлы Отан соғысы кезінде С. Орловтың «Казахский героический эпос» деген зерттеу жұмысы жарық көрді. Сол жылдары Қазақстанның көрнекті ғалымдары М. Әуезов, Ә. Марғұлан; Қ. Жұмалиев, М. Ғабдуллин, Б. Кенжебаев, Ә. Қоңыратбаевтар қазақ фольклористикасының дамуына елеулі үлес қосты. Кейін 1948 жылы «Қазақ әдебиеті тарихының» алғашқы томы қазақ фольклорының жанрларын қамтыған үлкен еңбек жарық көрді. Ал кейін 1956 жылдан бастап қазақ фольклоры жақын зерттеле бастады. Кейін М. Әуезов атындағы «Әдебиет және өнер институты алғаш құрылғаннан бастап, «Айтыс» (3 томдық), «Үш ғасыр жырлайды» жинақтары шығарылды. «Қазақ фольклористикасы» (1972), «Қазақ фольклористикасының тарихы» (1988), «Фольклор шындығы» (1990), «Бес ғасыр жырлайды» (1985), «Қисса дастандар» (1986) көп томдық ертегі, айтыс, батырлар жырына арналған ғылыми зерттеулер мен еңбектер шықты. Жалпы фольклордың негізі ертеде қалыптасқаны белгілі. Сонау замандағы ұлы ғұламалар (Әл-Фараби, Қожа Ахмет Йассауи, Махмұт Қашқари), атақты ақын-ағартушылар (Шоқан, Ыбырай, Абай) сынды ғұламаларымыз адам бойында адамгершілік қасиеттерді жоғары бағалаған. Ал сол сара жол деп таныған фольклорды одан әрі дамытқан, елеулі ең-



бек еткен аға буын өкілдерімізді де айтқанымыз жөн.

Айтар болсақ, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ә. Марғұлан, М. Ғабдуллин, Қ. Жұмалиев, Х. Сүйіншәлиев, Н. Келімбетов, А. Қыраубаева сынды ғалымдарымыздың есімдері ерекше. Қазақ фольклоршылары М. Әуезовтың, М. Ғабдуллиннің еңбектерінде фольклорға «ауыз әдебиет» ұғымы берілгені, қазақ фольклоршыларының көбі фольклорды «әдебиет» деп танығаны белгілі.

Демек, ғалымдардың «фольклор» ұғымдарына байланысты айтылған пікірлерін саралай келіп атадан балаға мирас болып жеткен, көркем сөз, сахна өнері: ән, күй, би, қолданбалы өнер, халық ойындары, тұрмыс-салт жырлары олардың ерекшеліктерін фольклор ұғымына жатқызамыз. Сондықтан да «ауыз әдебиеті» деген ұғымнан гөрі ауқымы кең «фольклор» терминін қолдану ғылымда нақтырақ секілді. Ал осы фольклордың ішінде балалар фольклорына зер салайық. Ал балалар фольклоры дегеніміз — ол мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшелігіне сәйкес, балалардың өзіндік қиял-армандарын, талаптарын, ой-пікірлерін, айналадағы құбылысты эстетикалық тұрғыдан қабылдау, сезіну мүмкіндіктерін қалыптастыратын халқымыздың ғасырлар бойы жинаған асыл мұрасы болып табылады. Демек, балалар фольклоры балалардың қызыға да сүйсіне тыңдайтын, шығармашылық қасиеттерін арттыратын, логикалық ойлау қабілеті мен сөздік қорын дамытатын құнды жанр екені анық. Бүгінгі таңда кейбір ғалымдар балалар фольклоры өздері ойлап құрастырған шығарма десе, ал кейбіреулері балаларды тәрбиелеуге арналған шығарма деп жазады. Яғни балалардың психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес білім беретін, дамытатын мазмұнды шы-

ғармаларды балалар фольклоры деп айтуымызға болады. А. Байтұрсынов мәдени мұрамыздың құнды қазыналарын бір жүйеге келтіріп, ғылыми тұрғыда негіздеген. Оның ертегілері, мақал-мәтелдері, өсиет сөздері, қисса-дастандары бүгінгі жасөспірімдерді педагогика негізінде тәрбиелеуде аса құнды. А. Байтұрсынов өз еңбектерінде «өтірік өлең», «жұмбақ», «жаңылтпаш», «тақпақ», «бесік жыры» тәрізді жанрларының мәнін түсіндіріп, эстетикалық тәрбие саласына да ерекше тоқталды. Сол сияқты атақты ғалымдардың біразы атап айтсақ (С. Сейфуллин, Ш. Ахметов, Қ. Матыжанов, т.б.) сынды ғалымдар қазақ балалар фольклорын арнайы зерттеу объектісіне айналдырып, жан-жақты қарастырып зерттеген. Сол қазақ балалар фольклоры зерттеулеріне ғылыми тұрғыда зерттеп талдау жасаған, өзіндік табиғатын тұтас құбылыс ретінде саралаған тұңғыш тәжірибе жасаған ғалым — Қ. Матыжанов. Ғалым өз еңбегінде: «Ең алдымен балаларға арналған халық шығармалары — балалар психологиясын, көркемдік талғамын, шығармашылық мүмкіндіктерін танытатын асыл мұра. Ол өзінің бала қабілетіне лайықтылығымен, логикалық жүйелілігімен, тілінің нәрлілігімен, музыкалық сазымен, өнегелі мазмұнымен, жеңіл формасымен, балалардың рухани азығына айналған бағалы тәрбие құралы», - деп фольклордың жас жеткіншектер тәрбиесіндегі құндылығын анық көрсетеді. Ал бүгінгі көрнекті жазушыларымыз Т. Молдағалиев, Қ. Мырзалиев, Т. Кәкішов, М. Әлімбаев сынды ағартушылардың мұраларын одан әрі жалғастырып, ұлттық рухани қазынаны жас ұрпаққа жан-жақты түсіндіріп, елеулі орын беріп келеді. Мысалға қазақ ертегілерін алайық, бұдан керемет поэзияның желі еседі, көркемдік шеберліктің тамаша үлгісі көрінеді. «Ха-



лық ертегілері әрқашанда жастарды тәрбиелеудің тамаша құралы болып, әділдік жолына бас байлатып, зұлымдықтан жирентеді», - деп жазушы Т. Кәкішов өзінің «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» атты еңбегінде ауыз әдебиетінің болашақ ұрпаққа эстетикалық тәрбие берудегі маңызына тоқталса, М. Қаратаев «Әдебиет және эстетика» деген еңбегінде: «Адамның эстетикалық мәдениеті оның жалпы мәдениеттілігінің жарқын бір көрсеткіші. Бұл деген өскен ортаға, айналадағы ортаға, білімге, тәрбиеге, қызметке сол сияқты басқа да факторларға әсер ететін қасиет. Адамның асыл, нәзік қасиеттерінің бірі — эстетикалық сезімді оятып өсіретін, эстетикалық талғам мен көзқарасты қалыптастырып, кісінің эстетикалық мәдениетін дамытатын, жетілдіретін факторлардың ішінде ең үлкен орын алатын, шешуші роль атқаратын әдебиет пен өнер екенінде дау жоқ», - деп әдебиеттің эстетикалық тәрбиелік мәнін ашып береді. Нақтылай келгенде балаларды фольклор жанрларымен таныстыру, тыңдағанын қайта әңгімелеп беруге, мақал-мәтелдерді, жаңылтпаштарды, жұмбақтарды мәнерлеп айтуға үйрету мен сөздік шығармашылықтың бастапқы формаларын дамытуға эстетикалық тәрбие мүмкіндіктерін шешуге көмектеседі. Демек, қазақ балалар фольклоры ұлттық мәдениеттің ұдайы дамуы мен жаңаруының негізі. Ол — өмір сүрудің мәні мен мазмұнын, ұлттық өркениеттің тарихи тағдырын, болмысын, дүниетанымын айқындайтын өшпес мұра. Бұл орайда, «Аяз би ертегісіндегі» ақылы мол Аяз биді, «Ер Төстік» ертегісіндегі өзінің ақылды, білгірлік ісімен айнымас дос Кенжекейді мысалға келтіруге болады. Яғни, халық ауыз әдебиеті жанрларын тәрбие құралы ретінде пайдаланып балаларды ақылдылыққа, парасаттылыққа,

адамгершілікке баулап жауыздық пен күресіп жеңе білуді уағыздаған, әділдікті үйреткен. Тіліне, дініне берік болып, ұлттық мәдениетті көтеруге жетелеген. «Фольклордың қай туындысын алсақ та ғибрат айтарлық, жөн-жоба мен үлгі-өнеге көрсетерлік қасиеті мол. Мұның бәрі де халық пікірі, келешек ұрпақты тәрбиелеудің эстетикалық құралы деп тануды қажет етеді. Өйткені, көркемдіктен ләззат алу, әсемдік пен сұлулықты ардақтау, озық мәдениетке бастап, жамандықтан жирендіріп отыру халықтың талап-талғамының жемісі, сыншылдық көзқарасының нышандары», - деп жазушы Т. Кәкішов фольклор жанрларының жастар тәрбиесіндегі маңызын ашып көрсетеді. Егемендігімізді алғаннан кейін 1992 жылы баланың жеке тұлғасын, халқымыздың асыл мұрасы қазақ фольклорын, дәстүрін құрметтеу, елін-жерін сүю, адамгершілік және эстетикалық сезім әрекеттерін бекіту мақсатында тұжырымдама жасалды. Академик-жазушы М. Әуезов: «Біз ауыз әдебиетін зерттей отырып, халық санасындағы Отаншылдық сезімді, халық ұғымындағы адамгершілік гуманизмді, эстетикалық мәдениет пен рухани байлықты сол халықтың өткендегі өмірін, аңсау-арманын, әдет-ғұрпын, халық тәрбиесінің жемісін көреміз», - деп балалар фольклорының тәрбиелік мәнін айқын ашып береді. Фольклор тәрбиелеу, білім беру жұмысының барлық саласымен ұштасып, сабақтаса жалғасады. Қазақ фольклорының өзіне тән ерекшелігі — балаға айналасындағы бай мұраның әсемдігі мен әсерлілігін түсінікті етіп жеткізе отырып, ұлттық еңбектің нәтижесін сезінуге, қоршаған дүниеге, салт-дәстүрге, ойқиялын дамытуға әсер ететіндей негізгі тәрбие құралы болуында. Яғни фольклор баланың танымын кеңейтеді, оны өмірді сәулелендіретін бейнелердің бай дүниесі-



не ендіреді, танымдық іс-әрекетін, өмірге деген бейімділігін дамытады, атабаба мұрасын қастерлеуге тәрбиелейді.

Саралап келгенде, қазақ фольклоры жанрларындағы табиғат, қоғам, өнер, өмір жайлы ұғымдар мен түсініктер мазмұны жағынан өрістей келе халықтық асыл қазынаға айналып, ұлттық санаға тереңдей енді. Ата-бабаларымыз күнделікті тұрмысқа қажетті қарапайым нәрседен бастап, күрделі әлемдік құбылысқа дейінгілерді шығармашылық пен ертегіге, аңыз әңгімеге, эпостық жырларға, мақал-мәтел мен жұмбақтарға және ауыз әдебиеті жанр түрлеріне қосып, өз ұрпағын адамгершілікке, азаматтыққа тәрбиелеу мен қатар тылсым дүниенің әсемдік сырын бейімдеген. Қорыта айтқанда, ананың әлдиімен, әженің ертегісімен, отбасында айтылған мақал-мәтелдер бала бойына дариды. Әрбір адамның туған анасынан басқа төрт анасы, туған тілі, туған жері, туған дәстүрі, туған тарихы болуы керек деп М. Шаханов ағамыз айтқандай, өз елінің тілін, дінін, рухани мәдениетін білген адам, біртіндеп әлемдік мәдениетті үйренеді.

Әдебиеттер:

1. Матыжанов Қ. Қазақтың фольклорлық балалар поэзиясы. Пед.ғыл.кан.дисс., — Алматы, 1974, 176 б.
2. Нұрмұхаметова Р. Мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ фольклоры арқылы эстетикалық тәрбие беру. Пед.ғыл.кан. дисс. — Алматы, 2003, 94 б.
3. Кәкішов Т. Қазақ әдебиетінің тарихы. — Алматы, 1994, 448 б.
4. Қаратаев М. Әдебиет және эстетика. — Алматы, 1970, 352 б.
5. Молдағалиев Т. Таңдамалылар. 3 т. — Алматы, 1990, 432 б.

Шолпан Исағалиқызы ДЖАНЗАКОВА,
п.ғ.д., **Х. Досмұхамедов атындағы Атырау**
университетінің профессоры, ғылыми
жетекші.

Жансая Асқарқызы СЕРІКБАЙ,
Жұлдыз Табылдықызы ЕСЕНБАЙ,
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау
университетінің
педагогика және психология
мамандығының
2-курс магистранттары.
Атырау қаласы.



Тұлғаны адамгершілікке тәрбиелеудің мәні

Қазіргі таңда қоғамдағы жүріп жатқан әр түрлі өзгерістерге байланысты бәсекеге қабілеттілікті арттыруда жеке тұлғаны қалыптастыруды көздеген білім беру жүйесіндегі талаптар ұлғая түсуде. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында да ұрпақ тәрбиесі баса айтылса, [1]

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында білім берудің мақсаты: «Жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алынған терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға



қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру», - деп айқын көрсетілген. [2] Бұндағы негізгі мақсат — ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу арқылы ұлттық рухымызды әлемдік деңгейге жақындату.

Білім беру парадигмасының өзгеруі әрі жаңа ұлттық модельдің қалыптасуында бүгінгі тәрбиенің басты міндеті — адамзат мәдениетінің сан ғасырлық өркениеттік жетістіктері мен ұлттық рухани тәрбие барысында адамгершілік қасиеті жоғары ұрпақ тәрбиелеу өзекті болып табылады. Көрнекті педагог Ж. Аймауытов: «Өткен өмірде күн сайын адам қай бағытта машықтанып әдет етсе, егде болғанда да сол бағытта өзгереді...» дейді. [3] Бұдан шығатын түйін адамдар арасындағы жақсы қарым-қатынас іскерлік пен адамгершіліктің психологиялық үлгісін қалыптастырады.

Тәрбие мен білім берудегі адамгершілікке бағытталған идея құндылық болып қарастырылады. Рухани-адамгершілік құндылық — адамның ішкі жан-дүниесінің өлшемі, адамның жақсылыққа ұмтылуы, ізгілік, кешірімді болуы, ұлттың өз мәдениетін меңгере отырып, басқа адамға құрметпен қарауы, жанашырлық білдіруі, айналадағы адамдарға қайырымдылық жасауы, дұрыс өмір сүруге талпынысы, өзін-өзі бағалап, сол арқылы дүниені, әлемді тануы.

Педагогтың тұлғаны тәрбиелеу барысында тәрбиелік мақсатқа бағытталған педагогикалық үрдісінде баланың бойындағы жағымды мінез-құлық қалыптасады. Жеке тұлғаның бойындағы ең маңызды қасиеттер — жауапкершілік, ізгілік және оның адамгершілігі. Бұл қасиеттер тұлғаның іс-әрекеттерінде көрініс табады.

Заман талабына сай бүгінгі тәрбиенің басты міндеті — адамзат мәдениетінің сан ғасырлық өркениеттік жетістіктері мен ұлттық рухани, мәдени байлық-

ты кіріктіре отырып меңгерту, тұлғаны өмірге икемделген, жан-жақты жетілген, қабілетті, кез келген жағдайлардан жол тауып шыға алатын ынталы да іскер, табанды да елін, жерін сүйетін азамат етіп тәрбиелеу болып табылады. Сондықтан, қазіргі тәуелсіз елімізде ғасырлар бойы халқымыздың ұлттық санасында орын алған адамгершілік құндылықтарды, яғни ізгілік, қайырымдылық, адалдық, әділдік, үлкенді сыйлаудағы жақсы қарым-қатынас қоғамда болып жатқан өзгерістерге жеткіншек ұрпақты тәрбиелеудің қайнар бастауы деп қарастыруға болады.

Адам баласының өз өмір жолында тәрбиелі ғұмыр сүруі оның қоршаған ортасына, достарына, тәрбие ортасына және отбасына байланысты. Осы орайда, тұлғамен жүргізілетін әр түрлі бағыттағы тәрбие жұмыстары олардың шығармашылық, рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудағы маңызы ерекше. Әр адамның қарым-қатынас мәдениеті оның жеке-даралық қасиеттеріне де тікелей байланысты. Сондықтан тұлғаның қарым-қатынас мәдениетін зерттеуде әр баланың жеке-даралық ерекшеліктерін анықтау керек. Осы қарым-қатынас барысында әр баланың жеке позициясы, адамгершілік қасиеттері үлкен роль атқарады. Адамның адамгершілігі — оның ізгі амалдары мен кісілігінің көрінісі.

Демек, жас ұрпақты адамгершілік, ізгі қасиеттер негізінде тәрбиелеу мен қарым-қатынас мәдениетін зерттеу барысында қоғамның қазіргі таңда көптеген өзгерістерге ұшырауына байланысты адамдар арасындағы ізгілікті қарым-қатынастың дұрыс болмауы көптеген ізденістердің қажет екендігін көрсетіп отыр. Қазіргі еліміздің өркениетті нарыққа бет алған кезеңіндегі туындаған экономикалық, әлеуметтік қиындықтар тұлғаның адамгершілік қадір-қасиетінің төмендеуіне, салауатты өмір сүру



ережелерінің бұзылуына өз әсерін тигізуде. Себебі, күнделікті өмірде байқап жүргеніміздей, адамдар арасындағы қарым-қатынастың әлсіреуі, бір-біріне сыйлас-тықтың азаюы, эмоционалдық көріністің шамадан тыс белең алуы адамдар арасындағы қарым-қатынасты арттыруды, адамгершілік қасиетті сақтауды қажет ететіні айқын. Адам баласының бақытты өмір сүруі ең бастысы, отбасына, қоршаған ортасына, достарына байланысты болады. Бүгінгі таңда жастарға әлемдік деңгейге сәйкес білім мен тәрбие беру, оның рухани байлығы мен мәдениеттілігін, іскерлігін, төзімділігін, сонымен қатар адамгершілікке тәрбиелеу өркениетті қоғамның міндеті болып табылады. Мұндай жағдайда тұлғаның қалыпты өмірін қамтамасыз етуге ықпал жасайтын адамгершілік қарым-қатынастың мәні ерекше. Ізгі қарым-қатынасқа түсу арқылы адамдар өзге адамдарға өз ойын білдіріп, еркін ақпарат алмасады. Қарым-қатынас орнату арқылы өзара ықпал етіп, адамдардың өмір тәжірибесі, іс-әрекеті, теориялық ойлау қабілеті дамиды. Әр алуан іс-әрекетті жүзеге асырып, пікір алмасады. Осылайша, олардың арасында тұрақты қарым-қатынас қалыптасады.

Бұл бағытта қазақ халқының ұлттық тәрбие құндылықтарын зерттеу өзекті болып табылады. Адамзат тарихында адамгершілікке байланысты пайда болған категориялар: жомарттық, батырлық, ерлік, әділдік, қарапайымдылық, кішіпейілділік, адалдық, шыншылдық, ұяттылық, ар мен намыс, тағы басқалары. Тәрбиенің қалыптасуы мен тұлға бойына адамгершілігі жоғары ізгі қасиетті дарытуда жаңа парадигманың жүзеге асуы жаңа заман адамын, тұлға қалыптастырудағы ұлттық тәрбиені енгізу арқылы қол жеткіземіз.

Осы орайда, зерттеушілер пікірі ұлттық құндылықты дәріптеуге назар аударады: «Білім беру ісінің жаңартылуы бұл ең ал-

дымен, барлық деңгей бойынша балаға деген көзқарастың өзгертілуі. Біздің міндетіміз — өзінің ана тілін, дінін, дәстүрін ата-мекенін сүйетін Қазақстан Республикасының азаматын тәрбиелеу». [4] Қазіргі кезеңдегі білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында жеке тұлғаның адамгершілік сапасын қалыптастыру өткір мәселе екенін айтуға болады. Себебі, өмірдегі құндылықтардың барлығы да жауапкершілік арқылы ғана іс-әрекет нәтижесінде танылып, болашақта тұлғаның дамуына мүмкіндік алады. Адамгершілікті қалыптастыру арқылы жеке тұлғаның дамуына, оның рухани жетілуінде және мотивациялық, білімділік бағдар құндылығы ретінде танылуының маңызы зор.

Сондықтан да, оқу-тәрбие үрдісінде ұлттық сананың қалыптасуына аса ықпалды тәрбие түрлеріне ақыл-ой, адамгершілік, ұлтжандылық, ұлтаралық, қатынас сыйластығы, ізгілік тәрбие беру арқылы еліміздің өркендеуінің негізгі тұтқасы болатын, ұлтын сүйетін, парасатты, білімді тұлғаны тәрбиелеу міндеті тұр. Адамның дамуы — бұл күрделі процесс. Бұл процесс адам өмірге келген күннен басталып, өмірінің соңына дейін жалғасады. Жаһандану үдерісіне сай өзгеріс ғасырында қоғамды дамытуда адамгершілік тәрбиесі өзекті болып саналады. Ендеше, тәрбие берудің тиімділігі мен білім сапасын арттырудағы негізгі бағыты — тәрбиелік істе тұлғаны жан-жақты дамыту, қалыптастыру жолға қойылуда. Себебі, баланың бойына жас кезінен ізгілік, адамгершілік, қайырымдылық сияқты құнды қасиеттерді сіңіруде отбасы мен білім беру орны ерекше рөл атқарады. Бұл туралы: «Адамның тұлға ретінде қалыптасуы нақты бір қоғамдық жағдайларда туады. Қоғамның талаптары адамдардың мінез-құлқының моделін, ал бағалау белгілері оның мінез-құлқын анықтайды. Руханилық — адам өмірінің жоғары көрсеткіші, оның адамзаттық,



адамгершілік, парыздарының ішкі құндылығы, адамның болмыстан да жоғары мәнге бағынуы болып табылады.» деген пікір орынды. [5]

Бүгінгі таңда баланы ұлттық құндылық негізінде тәрбиелеуге баса назар аударылудағы мәні осында. Ұлттық құндылық – әрбір ұлттың өзіне ғана тән салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы. Егер тұлға қанша білімді болып тұрса да, ұлттық мәдениетті сақтай алмаса, ол жетістікке жете қоймайды. Рухани адамгершілік тәрбие берудегі мақсат үйлесімді дамыған, бойында ізгі қасиеттері басым тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Бұл өз кезегінде тұлғаға білімді меңгерту ғана емес, оның ішкі жан дүниесін дамыту арқылы өзін-өзі дамытуына бағыт-бағдар беру. Рухани адамгершілік тәрбиенің тамыры тереңде жатыр.

Адам өз бойындағы мүмкіндігі мен қабілеті басқалармен қарым-қатынас арқылы іске асыратын болса ғана жетістікке ұмтылады. Әр адамның қарым-қатынас мәдениеті оның жеке-даралық қасиеттерімен де тікелей байланысты. Сондықтан ұрпақтың адамгершілік, қарым-қатынас мәдениетін зерттеуге әлеуметтік психологияда қалыптасқан әдіс-тәсілдердің басым көпшілігін қолданумен қатар әр баланың жеке-даралық ерекшеліктерін анықтау керек. Осы қарым-қатынас барысында әр баланың жеке позициясы және жауапкершілігінің көрініс беруі, т.б. қасиеттері үлкен роль атқарады.

Қорыта келгенде, «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деп бекер айтылмаса керек. Баланың қалыптасуына, өз жолын адаспай табуына, тұлға ретінде қалыптасуында адамның эмоционалды әлемін, өзін-өзі тануы мен адамгершілік негіздерін қалыптастыруда отбасының, әрине, ата-ананың рөлі зор болмақ. Ата-ананың болашақ бала тәрбиесі үшін жауапкершілігі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасады.

Адамгершілік – адам бойындағы ең асыл қасиет. Бұл қасиет адамды мейірімділікке, Отанын, елін, отбасын сүюге, жауапкершілікке, ізгілікке үйретеді. Рухани адамгершілік тәрбиесі – жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғамдағы нормалар мен дәстүрлерін сақтауды қарастырады. Адамгершілік құндылықтар арқылы тәрбие беру – рухани құлдыраудан, жауапсыздықтан шығудың ең басты жолы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 2019 жылғы 27 желтоқсан <https://aktobecontrol.gov.kz/kz/assets/images/pages/npa/gpro2025kz.pdf>
2. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан, 26 желтоқсан 2003;
- «Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы»: 2-том. Құрастырған: Қ. Жарықбаев, С. Қалиев. – Алматы: «Рауан», 1998. – 416;
3. Көбекова Ж.С. Психология негіздері: оқу құралы. – Қарағанды: «АҚНҰР» баспасы, 2019. – 190 б.;
4. Бейсенбекова Г.Б., Молдабаева Р.А., Нұрғалиева С.М., Жас ерекшелік психологиясы: оқу құралы. – Қарағанды: «АҚНҰР» баспасы, 2019. – 186 б.

Қуаныш Шорманқызы МОЛДАСАН,
Бақыт Айтуқызы ӘРІНОВА,
педагогика ғылымдарының кандидаттары,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия
және саясаттану факультеті,
Педагогика және білім беру менеджменті
кафедрасының аға оқытушысы.



Оқушыларды тарих сабағындағы зерттеу және жобалық жұмыс әдістері арқылы зерттеушіге айналдыру

Қазіргі таңда білім беру саласында оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамыту маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Бұл үрдіс әсіресе тарих пәнінде өзекті, себебі тарихты түсіну үшін тек оқулық мәтіндерін жаттау жеткіліксіз. Оқушыларды зерттеушіге айналдыру арқылы біз оларды өткенді тереңірек түсінуге, қоғамның дамуын және оның бағыттарын сараптауға үйретеміз. Зерттеу және жобалық жұмыс әдістері оқушылардың сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамытып, оларды жаңа ақпаратты іздеп табуға, талдауға және жинақтауға ынталандырады.

Тарих сабағындағы зерттеу әдістері оқушыларға тарихи деректермен және құжаттармен жұмыс істеудің негізгі дағдыларын береді, бұл оларға тек қана фактілерді жаттаумен шектелмей, деректерді талдау және олардан қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Жобалық жұмыс барысында оқушылар нақты бір тақырып бойынша терең зерттеу жүргізіп, өз идеяларын жүзеге асыруға үйренеді. Бұл әдіс олардың шығармашылық және аналитикалық қабілеттерін арттырып, болашақта ғылыми-зерттеу жұмыстарында маңызды рөл атқарады.

Оқушылардың зерттеушіге айналуына ықпал ету қазіргі қоғамда ерекше өзекті, себебі бұл қабілеттер ақпараттық қоғамда өмір сүру үшін қажет. Зерттеушілік дағдыларын игеру арқылы оқушылар болашақта кез келген салада жаңа ақпаратты жылдам меңгеріп, оны тиімді пайдалана алады. Сонымен қатар, бұл әдіс оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, білім алуға деген ынтасын күшейтеді.

Тарих сабағындағы зерттеу және жобалық жұмыс әдістері оқушылардың ғылыми ойлау қабілетін дамытып, оларды болашақтағы зерттеулерге дайындайды. Бұл әдістердің практикалық маңыздылығы зор, себебі олар оқушыларға нақты мәселелерді шешуге және жаңашылдыққа ұмтылуға көмектеседі. Осылайша, оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамыту қоғамның болашақ дамуы үшін маңызды, себебі бұл оқушылардың өз бетімен білім алуға және оны өмірде қолдануға дайындайды.

Зерттеу және жобалық жұмыс әдістерінің мәні — Зерттеу әдісі — оқушылардың тарихи деректерді өздігінен талдау, салыстыру, қорытынды жасау арқылы жаңа білімге қол жеткізу процесі. Жобалық жұмыс әдісі — оқушының нақты бір тарихи мәселе бойынша өздігінен жоспар жасап, ақпарат жинап, нәтижесін ұсыну дағдыларын дамытады. Бұл әдістердің мақсаты — тек білім беру емес, сонымен бірге:

- ақпаратпен жұмыс істеу мәдениетін қалыптастыру;
- дерек көздерін сын тұрғысынан талдау;
- өз көзқарасын дәлелдей білу;
- қоғамдағы тарихи құбылыстарды бағалай алу.

Тарих сабағында қолдану жолдары.

Зерттеу және жобалық әдістерін тиімді енгізу үшін мұғалім келесі бағыттарды ұстануы қажет:

Мәселе қою кезеңі:

Мысалы: «Қазақ хандығының күшеюіне қай факторлар әсер етті?» немесе «Ұлт-



азаттық қозғалыстардың тарихи сабақтастығы қандай?» Бұл сұрақтар оқушыларды талдауға, дәлелдеуге итермелейді.

Зерттеу процесі: деректермен жұмыс: тарихи құжаттар, карталар, куәліктер, фото және архив материалдары.

Жобалық жұмыс ұйымдастыру:

Топтық жобалар: «Менің өлкемнің тарихы», «Тәуелсіздік кезеңіндегі тарихи жетістіктер». Презентация, бейнеролик, буклет немесе макет түрінде нәтижесін қорғау.

Рефлексия және бағалау: Оқушылар өз жұмысының нәтижесін сараптайды. Бағалау критерийлері: дерекпен жұмыс сапасы, зерттеу тереңдігі, шығармашылық көзқарас. Мұғалімнің рөлі: мұғалім — бағыт беруші, кеңесші және серіктес. Ол оқушыға дайын жауап бермейді, керісінше:

- сұрақ қою арқылы ойлануға жетелейді;
- зерттеу жоспарын құруға көмектеседі;
- ақпаратты іріктеуге және дәлелді тұжырым жасауға үйретеді. Осылайша мұға-

лім мен оқушы арасында ынтымақтастық қарым-қатынас орнайды.

Нәтижесі: зерттеу және жобалық жұмыс әдістерін жүйелі қолдану арқылы:

- оқушылардың тарихи ойлау дағдысы қалыптасады;
- өз пікірін дәлелдеп айтуға үйренеді;
- ақпараттық сауаттылығы артады;
- ең бастысы — оқушы зерттеуші тұлғаға айналады.

Қорытындылай келе, тарих сабағында зерттеу және жобалық жұмыс әдістерін қолдану — оқушының жеке тұлғалық дамуын, зерттеушілік дағдыларын және шығармашылық әлеуетін арттырудың маңызды құралы. Тарихты тек деректер жиынтығы емес, зерттеуді қажет ететін ғылым ретінде ұғынған оқушы — болашақта ел тарихын қадірлейтін, отаншыл, сындарлы ойлайтын азамат болып қалыптасады.

**Эльвира Турганбековна
ЖАНЫБЕКОВА,**

**№206 мектеп-гимназияның
тарих пәнінің мұғалімі.
Алматы қаласы.**



Критериалды бағалауды қолдану арқылы оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыру



**Самал Тырмабаевна
ЖАЙЛАУБАЕВА,
«№10 жалпы білім
беретін мектебі» КММ
бастауыш сынып
мұғалімі.**

**Теміртау қаласы,
Қарағанды облысы.**

Функционалды сауаттылық, кеңінен алғанда, оқушының мектепте алған білімі, білігі мен дағдысын адамзат қызме-

тінің әр түрлі саласында, сонымен бірге тұлғааралық қатынастар мен әлеуметтік байланыстарда кездесетін тіршілік міндеттерін жан-жақты шеше білу қабілеті ретінде түсіндіріледі. Бұл талаптарды жүзеге асыру үшін оқушы білімін бағалауда мүлдем жаңа бағытта жұмыс істеу қажеттілігі туындайды. Осы қажеттілікті шешу жолдарының бірден-бір жолы оқушы білімін критериалды бағалау жүйесі бойынша сараптау.



Критерийлер – оқытудың міндеттерін жүзеге асыратын өлшемдер, атап айтқанда, оқушылар жұмыс барысында орындайтын іс-әрекеттер тізбесі.

Критериалдық бағалау – бұл білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу-танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім процесінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критериялармен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс. Егер балаға оның белгілі бір деңгейге жеткендігін айтса, онда бұл оған өздік нәтижеге жету үшін не істеу керектігін түсінуге көмектеспейді; бұл ретте егер баламен бірге оның жұмысында мұндай бағалауға не әкелгенін және бағалау өлшемдерін түсіндіруге талдау жасаса, онда бұл балаға өзінің нәтижесін жақсарту үшін кейін не істеу керектігін түсінуге мүмкіндік береді.

Критериалды бағалауды енгізудің мақсаты:

- Мектепте оқыту сапасын жоғарылату;
- Мектеп бітірушілердің білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру.

Критериалды бағалаудың міндеттері:

- Сабақтың әр оқушының дайындық деңгейін анықтауға;
- Бағдарламаға сәйкес оқу мақсаттарын орындау қабілеті;
- Жеке оқушының даму жетістігін бақылауға;
- Оқушының білім алу барысындағы қателіктері мен олқылықтарын айқындауға;
- Әр түрлі жұмыс барысындағы алған өз бағасының әділдігіне көзін жеткізуге;
- Оқу бағдарламасының тиімділігін саралауға;
- Сабақ үдерісі мен білімнің меңгерілуі туралы оқушы мен мұғалім және ата-аналар арасындағы кері байланысты қамтамасыз етуге;

Критериалды бағалаудың маңызы:

Мұғалімдер үшін:

- Сапалы нәтижеге әкелетін критерийлер құрастыруға;
- Өз іс-әрекетін саралап және болашаққа жоспарлай алатын мәліметтер алуға;
- Сабақ берудің сапасын арттыруға;
- Оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың әр тұлғаға арналған ауқымды жоспарлауға;
- Бағалаудың әр түрлі әдістерін пайдалануға;
- Оқу бағдарламасын қолжетімді ету үшін ұсыныстар енгізуге.

Оқушылар үшін:

- Танымдық қабілеті мен ойлау деңгейін арттыратын оқытудың әр түрлі әдістерін пайдалануға;
- Табысқа жетелейтін бағалау критерийлерін түсінуге;
- Өзін және өзгелерді бағалау арқылы кері байланысқа түсуге;
- Сыни ойлауына, еркін ойын айтуына, өзінің білімін көрсетуге.

Критериалды бағалау жүйесінің тиімділігі:

- Мұғалімге оқушының оқу жетістіктерін объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді;

Оқушыларға оқу үдерісі барысында туындаған қиындықтарды түсінуге, бағалауға мүмкіндік береді;

Ата-аналар оқушының оқу жетістіктер бойынша объективті дәлелдемелермен қамтамасыз етіледі;

Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда бірқатар дағдылар қолданылады. Олар: білу, түсіну, қолдану, сыни ойлану, анализ, синтез, бағалау, зерттеу дағдылары, рефлексия, коммуникативті дағдылар, тілдік дағдылар, жеке жұмыс жасау дағдылары, топта жұмыс жасау дағдылары, мәліметті іздеу дағдылары, тәжірибелік дағдылар, шығармашылық дағдылар, IT технологияларды қолдану дағдылары.



Критерийдің мазмұны:

Бағалау критерийлері – оқытудың мақсатын және арақатысын белгілеуге сәйкес белгі (сипаттама).

Дескриптор – жетістік деңгейінің сипаттамасы.

Критерийлер

Дескрипторлар

А. Білу және түсіну

Жекелеген сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасы мақсатына сәйкес келетін нақты фактілерді, ақпараттар және сипаттамаларды білу және жаңғырту. Алынған ақпаратты талдау, қайта жаңғырту, болжау жасау арқылы түсінгендігін көрсете білу.

В. Қолдану

Бұрын алған ақпараттар мен білімдерін жаңа немесе таныс емес жағдайларда және контекстерде қолдану, пайдалану. Білгенін, түсінгенін, дағдыларын сабақ барысында қолдану арқылы көрсету. Әр сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін білімдерін қолдануды көрсетудің жолдары: практикалық жұмыс, диаграммалармен жұмыс, кескін картада жұмыс жасай алуы, есептер шығару, жобалар, мәселені шешу және жаңа нәтижелер ойлап табу болып табылады.

С. Сыни ойлау және зерттеу

Білім көзінен алған ақпараттарды талдау, синтездеу, бағалау арқылы пікірлер қалыптастыру. Жекелеген сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін ақпараттар мен нәтижелерді жинақтай алу және оларды талдай алу қабілеттілігін көрсету. Ұсынылған болжамдарды дұрыс ақпараттар жинақтау және деректерді пайдалану арқылы зерттеп, бағалап, өз бетімен қорытынды жасау. Әр сыныптар мен пәндер

көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін жасалған қорытынды жайында ой қозғау қабілеттілігін көрсету.

Д. Коммуникация және рефлексия.

Әр сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін ақпараттар, фактілер мен ойларын, пікірлерін ауызша және жазбаша ұсыну. Басқа адамдар ұсынған ақпаратты тыңдап және сәйкесінше жауап қайтара алу қабілеттілігін, басқа адамдардың көзқарасын қабылдай отырып, өз көзқарасын түсіндіру арқылы ортақ ойға келу. Айтылған ойларды, пікірлерді, оқиғаларды ой елегінен өткізу арқылы шешім қабылдау немесе ой толғаныс нәтижесінде іс-әрекет жасау.

Критериалды бағалау технологиясы оқушы бойындағы үрейленуді басады және мұғалімді «төрешілік» қызметінен босатып, оқушы бойында өзін-өзі бағалау, өз іс-әрекетіне баға беру, жауапкершілік қабілетінің дамуына ықпал етеді. Критериалды бағалау жүйесі бұрынғы бағалауға қарағанда қалыптастырушы және жиынтық бағалаумен ерекшеленеді. Қалыптастырушы бағалау оқытуды, әдістерді және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін жақсарту мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған болса, жиынтық бағалау мақсатты баға қою және сертификаттау немесе оқытудың алға жылжуын тіркеу үшін оқыту қорытындысын шығару үшін қажет.

Бастауыш сыныптарды бұлардың ішінде айтылған А, В, С критерийлерімен бағалауға болады. Мұндай бағалау бастауыш сынып оқушыларының өз деңгейлеріне сай келеді. Бастауыш сынып оқушылары өз беттерінше А, В, С критерийлері арқылы өз кемшіліктерін таба алады, дұрыстығына назар аударады. Бастауыш сынып оқушыларының білімін мұндай бағалау бастапқы кезде аздап қиындық туғызады. Бірақ келе-келе баланы қалыптастыруға болады. Бастауыш сынып оқушыларын критериалды бағалау жүйесінің жеңіл түрі алынады. Мұндай бағалау жүйесін-



де біз балаларды оқытуда жеке жұмыс, топтық жұмыс, ой қозғау, ББҮ кестесі (INSERT), топтастыру, рефлексия сияқты бірнеше әдістерді қолдана аламыз. Осындай әдістерді пайдаланған кездерде кейде мүлдем сабаққа қатыспайтын балаларымыз өздігінен қол көтеріп, аз да болса өз ойын айтып, аз да болса нақты екі үш сөйлем жазып, жеке жұмыс жүргізуге талпынады. Критериалды бағалау жүйесін әрбір сабақта тиімді пайдалануға болады. Әрбір жаңа сабақты оқытуда тек бір «А» критерийін алуға да болады. Өткен сабақтарды қайталауда «В» критерийін алуға болады.

Сабақты қорытындылағанда «С» критерийімен бағалау тиімді. Бастауыш сыныптардағы оқытудың мазмұнында оқытылатын пәндер ерекше орын алады. Мұнда пәннің алдына қоятын ең негізгі мақсат, міндеттерінің бірі: оқушының оқу-танымдық әрекетін қалыптастыруды оқытудың жаңа технологияларын оқу үдерісіне енгізудің маңызы ерекше. Бүгінгі білім беруде оқушыны білімділік, іскерлік, шығармашылық әдістерге баулудың жолдарын іздестіре отырып, мұғалім мен шәкірт арасында рухани және сезім бірлестігін

айқындайды. Критериалды бағалау жүйесін құру үшін қалыптастырып, белгілейтін бағалау жүйесін дайындау қажет. Қазіргі жанашыл ұстаз жаңа технологияларды өмірге енгізуге дайын, оқу-тәрбие ісіне жанашырлық танытатын, қоғамның ең озық бөлігінің бірі. Оқу-тәрбие үдерісінің мазмұнына және ұйымдастырылуына комплексті тұрғыда қарайтын, зерттеушілік ыңғайға бейім, теория мен практика іс-әрекетін біріктіре білетін, өмірлік құндылық қағидалары адамгершілік, ізгілік, еңбекқорлық, парасатты мінез-құлық қасиеттерді бойына сіңірген ұстаз. Бүгінгі заман талабы — жан-жақты дамыған, өзіндік «мені» қалыптасқан тұлға тәрбиелеу. Оқушы тұлға болып қалыптасуы үшін оның бойында түрлі жағдаяттағы проблеманы анықтауға, өзіндік тұжырым жасай білуге, өзіндік бағалауға, сыни ақпараттарды өз бетімен табуға, талдауға, алған білімдерін өмірде қолдануға бейімдеу болып табылады.

Қорыта айтқанда, бүгінгі оқушының білім сапасын критериалды бағалау жүйесі арқылы жетілдіруге болатынына күнделікті оқу үдерісінде қолдануымыздан көз жеткізуге болады.



Жерге орналастыру мамандығының маңызы

Жерге орналастыру — мемлекеттегі жер қорының қатынастарын, жерді тиімді пайдалану мен қорғауды ұйымдастыруға бағытталған кешенді іс-шаралар жүйесі. Қазақстан Республикасының жер қоры 272,5 млн гектарды құрайды. Бұл көрсеткіш бойынша еліміз ТМД аумағында Ресейден кейінгі екінші орында, ал әлемде жер көлемі бойынша тоғызыншы орынға ие. Қазақстанның табиғи-климаттық

жағдайы негізінен қуаң аймақтарға тән, бұл ауыл шаруашылығына тікелей ықпал етеді. Оңтүстікте тек суармалы егіншілік дамыған, ал орталық және солтүстік өңірлерде тәлімді егіншілік қолданылады. Дегенмен, бұл бағытта топырақ құнарлылығын сақтау үшін күрделі агротехникалық шараларды жүзеге асыру қажет. Қазіргі таңда елімізде 20 млн гектар жыртылған жер мен 35 млн гектар жайылым эрозия-



ға бейім, ал 17 млн гектардан астам аумақ су және ирригациялық эрозиядан зардап шеккен. Бір адамға шаққанда жыртылған жер көлемі әлемдік орташа деңгейден бірнеше есе артық, бұл жерді тиімді әрі ғылыми негізде ұйымдастырудың өзектілігін көрсетеді.

Осыған байланысты жерге орналастыру жұмыстары ауқымды міндеттерді қамтиды. Атап айтқанда: жерді аймақтарға бөлу жобаларын әзірлеу, жер ресурстарын пайдалану мен қорғау бағдарламаларын жасау, жер учаскелеріне меншік және пайдалану құқығын рәсімдеу, ауыл шаруашылығы алқаптарын қалпына келтіру және жаңа жерлерді игеру жобаларын жүзеге асыру, елді мекендер мен әкімшілік аумақтардың шекараларын нақтылау сияқты маңызды шаралар жүзеге асырылады. Жерге орналастырудың негізгі салаларының бірі — ішкі шаруашылық жобалау. Бұл ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына, шаруа қожалықтарына, кооперативтерге бекітілген жерді тиімді пайдалану, егіншілік пен мал шаруашылығы үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында орындалады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылғы 8 қыркүйекте «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында жер қатынастарына ерекше назар аударды. Мемлекет басшысы жер ресурстарын басқаруда ашықтық пен тиімділікті қамтамасыз ету үшін нақты тапсырмалар берді. Президент: *«Әкімдер қайтарылған жердің бәрін келесі жылдың ортасына дейін тұрақты айналымға енгізу керек»* деп қатаң міндет қойды. Сонымен қатар, *«Иесін тапқан жер өндірістің ошағына, инвестиция көзіне, қайнаған еңбектің ортасына айналуы қажет»* деп атап өтті. Жолдауда жер қатынастарының ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында *«Ауыл шаруашылығы*

жерлерін беру тәсілдерін түбегейлі өзгерту керек», *«Жерді бөлуге қатысты шешім цифрлық форматта, электронды конкурстар арқылы қабылдануға тиіс»* және *«Жер ресурстарының бірыңғай цифрлық картасын әзірлеу керек»* деген нақты тапсырмалар берілді.

Бұл бастамалар жер қатынастарын түбегейлі жаңғыртудың жаңа кезеңін айқындайды. Жерді цифрландыру, электронды форматтағы конкурстар, бірыңғай геоақпараттық жүйелер құру — осының бәрі кәсіби жерге орналастыру мамандарына деген сұранысты арттырады. Себебі бұл процестерді іске асыру үшін GIS технологияларын, қашықтықтан зондтау әдістерін, картография мен геоинформатика салаларын терең меңгерген білікті кадрлар қажет. Сонымен қатар, заңнамалық және әкімшілік тетіктерді жақсы түсіну — жер қатынастарын реттеудің басты шарты. Президенттің жерге қатысты тапсырмаларының орындалуы — ауыл шаруашылығының тұрақты дамуы, азық-түлік қауіпсіздігі және экономиканың аграрлық секторын жаңа деңгейге көтерудің кепілі.

Осындай күрделі әрі жауапты міндеттерді жүзеге асыру үшін кәсіби кадрлар даярлау ісінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің алатын орны ерекше. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Жерге орналастыру» мамандығы алғаш рет 2010 жылы ашылып, бір жылдан кейін, яғни 2011 жылы, осы бағыт бойынша білім беруді жетілдіру мақсатында кафедра қайта құрылып, «География, жерге орналастыру және кадастр» кафедрасы ретінде қызмет ете бастады. Бұл мамандықтың пайда болуы кездейсоқ емес: университет қабырғасында жер ғылымдарына негізделген алғашқы білім беру үрдісі 1948 жылы құрылған «Жалпы география» кафедрасынан бастау алады. Демек, жерге орналастыру мамандығы ҚазҰУ-дің география ғылымындағы



терең дәстүрлерінің заңды жалғасы ретінде қалыптасты.

2003 жылғы Қазақстан Республикасының Жер кодексі қабылданғаннан кейін жерге орналастыру мамандығы заңдық тұрғыдан ерекше маңызға ие болып, жер қатынастарын реттеудің басты құралына айналды. Сондықтан бұл мамандық университеттерде міндетті пән ретінде енгізіліп, елге қажет білікті кадрлар даярлау ісі жолға қойылды. Жерге орналастыру саласы — мемлекет аумағындағы жер қорын тиімді пайдалану мен қорғауды қамтамасыз ететін, құқықтық нормалар мен инженерлік-геодезиялық әдістерді ұштастыратын кешенді ғылым ретінде қоғамның әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығында айрықша орын алады.

Бүгінде ҚазҰУ-да «Жерге орналастыру» мамандығы бойынша тек екінші курстың өзінде 90-ға жуық студент білім алуда. Бұл — елімізде осы мамандыққа деген сұраныстың айтарлықтай артқандығын білдіреді. Университет елдегі жетекші білім ордаларының бірі ретінде жерге орналастыру, география, экология және жер ресурстарын басқару бағыттарында жоғары білім беруді жүзеге асырады. Цифрлық картография, геоинформатика, кадастр және жерге орналастыру, жер қорының мониторингі сияқты мамандықтар мен пәндер оқу бағдарламасына енгізілген. Университет қабырғасында студенттер тек теориялық білім алып қана қоймай, тәжірибелік жұмыстар жүргізеді, цифрлық платформаларда жұмыс істеу дағдыларын меңгереді. Бұл олардың заманауи еңбек нарығына бейімделуіне мүмкіндік береді.

Жерге орналастыру мамандығының тек техникалық емес, сонымен бірге құқықтық негізін меңгеру — болашақ мамандардың кәсіби артықшылығын қамтамасыз етеді. Мамандық бойынша «Жер құқығы» пәні студенттердің жерге қатысты құқық-

тық дауларды шешуге, заң талаптарын дұрыс түсінуге, мемлекеттік басқару жүйесінде білікті маман ретінде қызмет етуіне жол ашады. Жерге орналастыру мамандығының қоғамдағы рөлі ерекше. Егер бұл сала мамандары болмаса, тұрғын үйлер мен ғимараттар қисық-қыңыр салынып, жер телімдері заңдастырылмай, меншік құқығы бұзылар еді. Сондықтан жерге орналастыру — тек техникалық өлшеулер ғана емес, заңды рәсімдеудің, әділ бөлудің, қоғамдық тәртіп пен жайлы өмірдің кепілі.

ҚазҰУ-дың ғылыми-зерттеу базасы, тәжірибелі профессор-оқытушылар құрамы және халықаралық деңгейдегі білім беру стандарттары Президент Жолдауында қойылған міндеттерді орындауға қабілетті білікті мамандар даярлауға жағдай жасайды. Ғылыми-зерттеу жұмыстары арқылы жаңа идеялар ұсынып, инновациялық жобаларға қатысу мүмкіндігі бар. Бұл болашақ жерге орналастырушы мамандардың еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуына жол ашады. Бұл мамандықтың мәні тек жер телімдерін өлшеу немесе бөлу жұмыстарымен шектелмей, жерді ұтымды пайдалану, экологиялық қауіпсіздікті сақтау, жер қатынастарының заңдылығын қамтамасыз ету сияқты стратегиялық міндеттерді шешуге бағытталады. Егер жерге орналастыру мамандығы болмаған жағдайда, елді мекендерде құрылыс пен жерді пайдалану жүйесіз жүргізіліп, жер дауларының көбеюі әлеуметтік тұрақсыздыққа әкелуі мүмкін еді.

Қорытындылай келе, жерге орналастыру мамандығы — Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы мен экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ететін стратегиялық сала. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы Жолдауында айтылған тапсырмалар жер қатынастарын цифрландыру, ашықтық орнату және сапалы игеру ісін жана деңгейге көтеруді



көздейді. Бұл үдерістерді жүзеге асыру үшін кәсіби әрі білікті жерге орналастыру мамандары қажет. Оның ішінде жер құқығын жетік меңгерген, цифрлық технологияларды игерген, экологиялық жауапкершілікті сезінетін жаңа буын қалыптасып келеді. Бұл — университеттің үлкен жетістігі әрі еліміздің дамуындағы маңызды қадам. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде осы салада білім алып жатқан жастар — елдің болашағына, жердің игілікті әрі тиімді пайдаланылуына қызмет ететін негізгі күш.

Әдебиеттер тізімі:

1. Тоқаев Қ.Ж. «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу». Қазақстан халқына Жолдау. 8 қыркүйек 2025 жыл. — Астана.
2. Қазақстан Республикасының Жер кодексі. — Астана: Әділет министрлігі, 2003 (өзгертулер мен толықтыруларымен 2025 ж. дейін).

3. Базарбаев Ж.Б., Әбдіғаппарова А.Т. Жерге орналастыру негіздері: оқу құралы. — Алматы: Қазақ университеті, 2021.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. География және табиғатты пайдалану факультеті. «Жерге орналастыру» мамандығы. — Ресми сайт: <https://www.kaznu.kz>.

Гулнар Тулеухадировна АЙГАРИНОВА,

Әл-Фараби атындағы

Қазақ ұлттық университеті

**заң ғылымдарының кандидаты, профессор,
жер құқығы пәнінің оқытушысы, жетекші.**

Қымбат АЙСАХАН, Ақзер АЛҒАЗЫ,

Фатима АУҒАМБАЙ, Нұрмұхаммед

ТЕМІРХАН,

Әл-Фараби атындағы

Қазақ ұлттық университетінің

География және табиғатты пайдалану

факультетінің

Жерге орналастыру мамандығының

2-курсының 2-топ студенттері.

Алматы қаласы.



Педагогикалық идеяның заманауи білім берудегі рөлі



**Гульмира
Турашовна
БУРАМБАЕВА,
№39 «Қызылөзек»
орта мектебі
бастауыш сынып
мұғалімі.
Қараөзек ауылы,
Қызылорда қаласы.**

Идея дегеніміз не? Идея — қандай да бір ой, тұжырым, мақсат немесе белгілі бір мәселе жөніндегі алғашқы қадам. Бұл

— адамның санасында пайда болатын, белгілі бір әрекетке, жаңалыққа, шешімге бастайтын танымдық немесе шығармашылық ой. Қоғам дамыған сайын білім беру жүйесіне қойылатын талаптар да өзгеруде. Бұл өзгерістер педагогикалық ой-пікір мен идеяларға жаңаша көзқараспен қарауды қажет етеді. Педагогикалық идея — бұл білім беру үдерісінің мазмұны мен әдістеріне бағыт беретін, оқушы мен мұғалім арасындағы өзара әрекетті қалыптастыратын теориялық және практика-



лық ұстанымдардың жиынтығы. Ол — кез келген оқу-тәрбие жұмысының негізі мен қозғаушы күші.

Педагогикалық идеяның мәні — бұл оқытудың, тәрбиелеудің және дамытудың тиімді жолдарын іздеуден туындайтын ғылыми және тәжірибелік ой. Мұндай идеялар көбінесе белгілі бір мәселені шешуге бағытталады және педагогикалық теорияны байыта отырып, оқу үрдісін жетілдіруге ықпал етеді. Мысалы, Ыбырай Алтынсариннің "халықты ағарту" идеясы қазақ халқының рухани дамуына үлкен әсер етті. Педагогикалық идея келесі бағыттарда көрініс табуы мүмкін:

- **Оқыту әдістемесі** — тиімді оқыту формаларын, технологияларын табуға бағытталған идеялар;

- **Тәрбие мәселесі** — адамгершілік, патриоттық, экологиялық тәрбиеге байланысты идеялар;

- **Оқушы тұлғасын дамыту** — оқушыны шығармашылыққа, өзін-өзі дамытуға бағыттайтын идеялар;

- **Білім беруді жаңғырту** — заманауи технологияларды енгізуге қатысты идеялар.

Педагогикалық идея — бұл мұғалімнің тәжірибесі, бақылауы, зерттеуі мен қоғам сұранысына берген шығармашылық жауабы деп ойлаймын. Педагогикалық идея неден туындайды? дейтін болсақ, идея қоғамдық және тәжірибелік негіздерден туындайды. Олар:

1. Оқушылардың өзгеріп жатқан ерекшеліктерінен:

- Балалардың қызығушылығы, ойлау қабілеті, мінез-құлқы өзгеріп отырады. Педагог осыны байқап, жаңа әдіс, жаңа тәсіл ойлап табады;

- Мысалы: «Бүгінгі балалар ақпаратты бейнеден тез ұғады».

2. Педагогтің өзіндік тәжірибесінен:

- Мұғалім оқыту барысында қиындықтарға тап болады немесе жағымды нәтижелер байқайды. Осыдан жаңа шешім, жаңа идея туады;

3. Қоғамның даму қажеттілігінен:

- Қоғам өзгерген сайын жаңа талаптар пайда болады;

- Мысалы: еңбек нарығы өзгерсе — құзыреттілікке бағытталған оқыту идеясы туады;

- Заманауи технологиялар дамығанда — цифрлық сауаттылықты дамыту идеясы туындайды.

Педагогикалық идеяның өзектілігі:

- Цифрлық дәуірге бейімделу — бүгінде білім беру процесі цифрлық технологиялармен тығыз байланысты. Оқушылар мен мұғалімдер электронды құрылғыларды (компьютер, планшет, смартфон) жиі қолданады.

- Оқушылардың зерттеушілік және жобалық жұмыс дағдыларын дамыту — оқушылар өз бетінше: дерек жинайды, фото, видео, карта сияқты медиа қосымшалармен жұмыс істейді, талдау жасап, тұжырымдар шығарады. Бұл — қазіргі заманғы білім берудің басты талаптарының бірі — функционалдық сауаттылықты арттыруға септігін тигізеді.

Күтілетін нәтижелер:

- Цифрлық технологияны пайдалану оқушылардың белсенділігін арттырады.

- Білім беруді цифрландыру үрдісіне нақты үлес қосылады;

- Оқуға деген мотивацияны арттыратын интерактивті әдістер пайда болады;

- Интерактивті мазмұн арқылы оқу үдерісі тиімді әрі заманауи деңгейге көтеріледі;

- Оқу процесін дербестендіруге болады.

Мысалы: әр оқушы өз қызығушылығына сай деректер жинай алады (табиғат, ар-



хеология, фольклор, т.б.). Бұл оқуға деген ішкі мотивацияны күшейтеді.

Педагогикалық идея — ол ұстаздың күнделікті іс-әрекетінде, оқу үдерісін ұйымдастыруда, оқушылармен түрлі іс-шаралар ұйымдастыруда көрініс табады. Қазіргі таңда шығармашылықпен жұмыс істейтін, жаңа идеяларға жақын мұғалімдер уақыт талабына сай сапалы білім беруде. Сондықтан педагогикалық идеяны дамы-

ту — бүкіл білім беру жүйесінің дамуының кепілі. Себебі:

- Білім беру жүйесін жаңғыртуға негіз болады;
- Оқушының жан-жақты дамуына жағдай жасайды.
- Оқу бағдарламаларын жетілдіруге көмектеседі;
- Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыруға ықпал етеді.



Оқушылардың шығармашылық қабілетін логикалық тапсырмалар арқылы дамыту



**Гүлназ
Қойшыбайқызы
НАРЕГЕ,
М. Дулатов атындағы
№136 мектеп-
гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті
пәні мұғалімі.
Алматы қаласы.**

XXI ғасырда жаңа білім беру парадигмаларының енуіне байланысты күрделі тапсырмаларды шешуге қабілетті, өнімді ойлау мен белсенді қиялдауға бейім шығармашыл тұлға дамыту талабы өсе түсуде. Қазіргі кезде қоғамдағы қарқынды өзгерістер жыл сайын жаңа өмір салтын құруда. Осыған орай, әрбір адам бұл өзгерістерді дұрыс қабылдап, тиісінше, өз шығармашылық әлеуетін үнемі белсендіріп отыруы тиіс. Бұл қазіргі қоғамның жаңа проблемаларды қоя білетін, сапалы шешімдер қабылдауға қабілетті, игерген білімін үнемі іске асыруға ұмтылатын белсенді тұлғаларға мұқтаждығының күн санап өсуіне байланысты. Себебі бүгінгі күні

талант пен шығармашылық дарындылық — экономикалық өркендеу кепілі. Шығармашылық дарындылық — экономикалық өркендеу кепілі. Қазіргі таңда жалпы білім беретін мектептердің дамуында жағымды өзгерістер және оқыту мен тәрбиелеу ісінің ұтымды жақтары ашылып жатқанымен, оқушылардың жеке басының шығармашылық жақтарына терең үңіле бермейміз.

Шығармашылық — өте күрделі психологиялық процесс. Ол іс-әрекеттің түрі болғандықтан тек адамға ғана тән. Ұзақ жылдар бойы шығармашылық барлық адамның қолынан келе бермейді деп қарастырылып келсе, қазіргі ғылым жетістіктері қабілеттің мұндай дәрежесіне белгілі бір шарттар орындалған жағдайда кез келген баланы көтеруге болатындығы жайлы көп айтуда. Шығармашылық нәтижесі жаңа материалдық және рухани құндылықтарды құру болып табылатын қызмет ретінде түсініледі. «Шығармашылық» сөзінің негізгі мағынасы «шығару», «ойлап табу» деген мағынаны білдіреді.

Шығармашылықтың басты сипа-



ты жаңалық ашуға, жаңа тәсілдер табуға ұмтылу деп айтуға толық негіз бар. Шығармашылыққа, жаңа тың нәрсе жасау тән десек, ертеден белгілі нәрсені қайталауды шығармашылық деп айтуға болмайды, бірақ бұрыннан белгілі, таныс нәрселердің өзінен қандай да бір ерекшелік табу, оны жаңаша түрде жасау, ерекше қасиеттерін табу шығармашылыққа тән құбылыс.

Қазіргі уақытта шығармашылық даму феномені, жаңарту, қоршаған кәсіби ортаға болашақ бейімделу әлеуеті ретінде қарастырылады. Қоршаған әлемдегі, қоғамдағы өзгерістер, ақпарат көлемінің жылдам өсу қарқыны, оған қол жеткізудің әртүрлі құралдары және ақпарат ағымында бағдарлай білу, тұлғаның интеллектуалдық қасиеттеріне, оның шығармашылық қабілеттеріне жоғары талаптар қояды. Ф. Батюшковтың тұжырымдамасы бойынша «Шығармашылық тура мағынасында — жаңалық тудыру...» - деген мағынаны білдіреді. Психолог Қ. Жарықбаев: «Басқалардан көмек күтпей, мәселені шешуде басқа біреудің әдісін қайталамай, қалай да өзі шешуге тырысатын адам шығармашыл ойдың иесі», - деген.

«Философиялық энциклопедияда: шығармашылық — бұрын еш уақытта болмаған жаңа бірдеңе тудырушы әрекет». Ресей оқулықтары мен оқу құралдарында кең таралған анықтамалар: «шығармашылық — бірегей жаңа бірдеңе тудыратын және тудырушының даму тарихына ғана емес, ғылым, өнер, т.б. даму тарихына кіретін әрекет» деген түсініктемелер береді.

Л.Н. Сухорукованың пікірінше: «Кең ауқымды түсінігі — адамның белсенді таным әрекеті. Қысқа мағынада ойлауды — шығармашылық тапсырманы шешу үрдісі» деп түсіндіреді. Олай болса, шығармашылық ойлау — жаңа пікір тудыруға бағытталған әрекет. Шығармашылық іс-әрекет адамды болашаққа бағытталған,

өмір сүріп отырған ортасын өзгерте алатын жан етеді. Шығармашылық — таңдаулы адамдар, даңышпандар мен таланттыларға ғана тиесілі емес, ол адам қиялдап, өзі құрастырып, өзгертіп және жаңа нәрсе жасауға қабілетті жердің барлығында бар болады.

Г.А. Альтшуллер шығармашылықтың көп деңгейлі екенін анықтап, техникалық шығармашылық пен өнертапқыштық міндеттеріне байланысты шығармашылықты төмендегідей деңгейлерге бөледі:

1. Белгілі әдісті белгілі мәселені шешуге қолдану. Мұнда не берілген мақсат үшін тікелей арналған тәсілдер қолданылады, немесе мәселені шешудің альтернативалық варианттарының біреуі таңдалады.

2. Белгілі шешімнің жаңаша қолданылуы немесе шешімі бұрыннан белгілі берілген аймақта шешуге қолданылмаған тәсіл арқылы шешу.

3. Ғылым аймағы үшін жаңа мәселе үшін барлық жағынан жаңа шешім табылады. Мұндай шығармашылық алыс келешекке жұмыс жасайды.

М.Мұхамедин ойын арқылы шығармашылық қабілеттерді дамыту жолдарын айқындайды. Шығармашылық — жаңалық ойлап табуға бағытталған қабілеттер деңгейі. Шығармашылық қабілеттердің белгілері ретінде: мәселені қарастырудағы қырағылық, көрегендікті, ақпаратты жүйке жүйесіне қол арқылы хабарлауды, тасымалдай білуді, ақылдың икемділігін, ойдың оралымдылығын, әрекетті бағалай білуді көрсетеді.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, ынталандыру үшін сабақтарды мынадай жолдармен өткізуге болады:

1. Сабақта кең көлемде көрнекі құралдарды пайдалану;
2. Сабақты түрлендіріп өткізу;
3. Сабақта оқушылар өздері жасаған



суреттер, схемаларды пайдалану Техникалық құралдарды тиімді қолдану;

4. Сабаққа қатысты бейнетаспаларды, фильмдерді көрсету.

Тірек — сызба арқылы оқушылардың шығармашылығын қалыптастыру және дамыту мәселесі шығармашылық үдерістің қандай кезеңдерден, яғни неден басталып, немен аяқталатындығын білуді талап етеді. Шығармашылық үдерістің әр кезеңінде бала бойында әр түрлі сапалық қасиеттер қалыптасып жатады.

Оқу-әдістемелік білімді қалыптастыруда жүйелілік тұғыр мектеп пәндерінің мазмұнын құруды талап етеді. Оқушылардың шығармашылық қабілеттері ашылу үшін белсенді формалар мен әдістерді қолдану керек: әңгімелесу, пікірталас, ойындар, тартыстар, жорықтар мен сайыстар, сұхбат, байқаулар, олимпиадалар, бақылаулар, шығармашылық еңбек, жобалар, дербес сабақтар. Оқушылардың қабілеттеріне қарай әрбір баланың ойын оятып, ойландыруға, талдау жасауға, салыстыруға жетелейтін жеке шығармашылық тапсырма береміз.

«Жобалау» деген ұғымның өзі оның басқару қызметіне тән екендігін анықтайды, оның алға қарай қозғалыс бағытын білдіретін мәні, сонымен қатар, мақсатқа сай жүріп өтуге тиіс аралықты анықтайтын, алдын ала болжай алу қызметі.

Оқушылардың шығармашылық әрекетін дамыту — оңай қабылдай алатын, еркін ойлайтын, ерекше және әр түрлі идеяларды ұсына алатын, тапсырманы жан-жақты, толық жобалауға барынша тырысып, сәтті аяқтауға қабілетті шығармашыл адамды қалыптастыруға бағытталған үдеріс. Оқу іс-әрекетінен шығармашылық әрекеттің айырмашылығы — ол баланың өзін-өзі қалыптастыруына, өз ойларын жүзеге асыруына бағытталған жаңа бағыт-

тарды іздейді. Екі әрекетте оқушылар екі түрлі мүдделер көзделген әртүрлі мақсаттар шешеді. Мысалы, оқу іс-әрекетінде белгілі бір ережені меңгертетін, дағдыны қалыптастыратын жаттығулар орындалса, шығармашылық іс-әрекетте баланың іздену жұмысы басты нысанада болады. Сондықтан, оқу іс-әрекеті баланың жалпы қабілетін дамытса, шығармашылық іс-әрекет нақты жағдайды шешу барысында нәтижеге жеткізетін қабілеттерін дамытады.

Б. Тұрғынбаеваның әдістемелік оқу құралында балаларға тән шығармашылық процестің кезеңдерін шартты түрде төмендегіше топтастырады:

- 1) Жаңалықпен бетпе-бет келу.
- 2) Шығармашылық белгісіздік, екіұштылық.
- 3) Шешімнің жарық көруі.
- 4) Шығармашылық ант.
- 5) Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу.

Шығармашылық процестің әр кезеңінде бала бойында әр түрлі сапалық қасиеттер қалыптасып жатады. Мысалы: алғашқы кезеңдерде жаңалықты сезіну қайшылықтарға деген күдік, шығармашылық елес орын алады. Белгісіздік кезеңіндегі «бас қатырулар» табандылық, танымдық белсенділік, эрудицияны қалыптастырса, еңбектің нәтижесі баланы жоғары көңіл-күйге бөлеп, жаңа істерге жігерлендіруге септігін тигізеді анық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Шаталов В.Ф. «Куда и как исчезли тройки. Из опыта работы школ г. Донецка». - М.: Педагогика.1979
2. Батюшков Ф.Д.Творчество. //Энциклопедический словарь Брокгауза и Эфрона 1991.
3. Библер В.С. Мышление как творчество. - М.: Полит. литература, 1975. 3



Балаларды көркемдік-эстетикалық тұрғыдан тәрбиелеуде театрландырылған ойындардың рөлі

Мектепке дейінгі білім мен тәрбие беруде театрландырылған ойындардың маңызы өте зор. Ол арқылы бүлдіршіндердің қиялы, ойлау процестері, зердесі мен сөйлеу тілінің дамуы артады.

Жалпы, театрландырылған ойындар екіге бөлінеді: 1. Драматизация; 2. Режиссерлық ойындар.

Драматизациялық ойында бала — артист, интонация, мимика, пантомима арқылы өз бетімен бейне жасайды, өзіндік әрекет етіп рөлді ойнайды. Бұрыннан жасалған сахналық қойылымда бала ойын — драматизациясында қандай бір сюжетте ойнайды. Ойын драматизациясы көрерменсіз музыкалық сипаттағы орындау болады.

Драматизация түрлері:

- жануарлар, адамдар, ертегілер бейнесіндегі кейіпкерлер ойыны;
- мәтін бойынша негізделген диалог, монолог, рөлдік ойындар;
- шығармашылық көрсетілім;
- бір немесе бірнеше шығарма арқылы қойылым қою.

Ал драматизация ойынның екі түрін қарастыруға болады.

1. Саусақтар ойын драматизациясы. Балалар атрибуттарды саусақтарына киеді. Ертегінің мәтінін айта отырып саусақтарын қимылдатып сюжет жасайды. Көріністі ширманың сыртында тұрып, немесе топта еркін қозғала жүріп көрсетеді.

Қуыршақ бибабомен ойын — драматизациясы. Бұл ойында саусақтарға қуыршақ бибабоны киеді. Ширмада ойнайды. Бұл қуыршақтарды ескі қуыршақтардан жасауға болады.

Режиссерлық ойында балалар әрекет етуші бейне болмайды, өзі режиссер және сахна қоюшы рөлінде ойнайды, ойыншықтардың орынында болады. Мұнда бала қозғалмайтын пішіндер және ойыншықтармен әрекет етеді, сондықтан ойында интонация мен мимика ерекше орын алады.

Балалар театрының бірнеше түрлері бар:

Ең көп тараған түрі — ойыншықтар театры. Мұнда балалар қысқа тапқақтарды жаттап, оның өзіне тән орындау кезінен бастап-ақ кішкене көлемді спектакльдер ойнайды. Ондағы адамдар рөлін ойыншықтар орындайды.

Жіптің көмегімен басқарылатын қуыршақтарды — марионеткалар дейді. Оларды әр түрлі материалдардан жасайды. Жұмсақ ойыншықтарды да қолдануға болады. Мұндай ойыншықтар қозғалысқа ағаш таяқшалар арқылы келтіріледі, яғни екі айқастырылған ағаш арқылы жіп өткізіліп ойыншыққа байланады. Қолмен қуыршақтарды басқарады. Театр қуыршағының биіктігі баланың биіктігігіндей болады. Бала өзіне костюм, үлкен бетперде, үлкен алақандар киеді, олар тірі қуыршаққа ұқсайды. Өздері қуыршақты жасау-



